«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

03 қараша 2026 ж

№ 634

Өскемен қ.

г. Усть-Каменогорск

Температуралық режим және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы №349 «Орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларында, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған кезде қашықтан оқыту бойынша және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Облыстық білім беру мекемелерінде сабақты қашықтықтан оқытуға ауыстыру үшін қолайсыз ауа-райы метеожағдайларының температуралық көрсеткіштері (1 қосымша) бекітілсін.

2. Қашықтықтан оқыту форматына ауыстыруды ұйымдастырудың нұсқаулығы 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Өскемен, Риддер қалаларының, аудандық білім бөлімдерінің басшылары:

- қолайсыз ауа райы метеожағдайларында оқу үрдісін қашықтықтан оқытуға ауыстыру туралы ақпаратты мектепке дейінгі, жалпы орта және арнайы білім беру бөлімі басшысына (Булжанова А.М.) бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес бірінші ауысым бойынша - 6.45-тен 7.00-ге дейін, екінші ауысым бойынша - 11.00-тен 11.15-ке дейін уақытында хабарлауды қамтамасыз етсін;

4. Сабақтың қашықтықтан оқытуға ауыстырылғандығы туралы ақпаратты білім басқармасының сайтында және әлеуметтік желілердің ресми парақшаларында жариялауға жауапкершілік ШҚО ББ «Orken» ШҚ өңірлік білім беруді ақпараттандыру және дамыту ғылыми-әдістемелік орталығы» КММ-ге (Коваленко С.Н.) жүктелсін.

017015

5. мектепке дейінгі, жалпы орта және арнайы білім беру бөлімі (Булжанова А.М.), техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі (Искакова Г.М.) ведомстволық қарасты мекемелерге осы бұйрықты жеткізсін.

6. Бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Б.Қозыбаеваға жүктелсін.

Басшы **К. Окасов**

Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
2026 жылғы « 03 » 11
№ 634 бұйрығына
№ 1 қосымша

Облыстық білім беру мекемелерінде сабақты қашықтықтан оқытуға ауыстыруға ұсынылатын көрсеткіштер

Білім беру мекемелерінде желдің жылдамдығын ескере отырып келесі температурада сабақты қашықтықтан оқыту форматына ауыстыру ұсынылады:

Желдің жылдамдығы секундына 2 метрден төмен болғанда:

- 1-4 сыныптарда минус 28°С және одан төмен;
- 5-9 сыныптарда минус 32 °С және одан төмен;
- 10-11 сыныптарда және колледждің I, II курстарында 34°С және одан төмен болғанда;

Желдің жылдамдығы 2 м/сек. жоғары болғанда:

- 1-4 сыныптарда минус 23°С және төмен;
- 5-9 сыныптарда минус 27°С және төмен;
- 10-11 сыныптарда және I, II курстарда минус 29°С және одан төмен болғанда сабақты өткізу тоқтатылады.

Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында мектеп оқушылары мен колледж студенттеріне 17°С және одан төмен болғанда ашық ауада сабақ өткізуге тыйым салынады (көктайғақ, қатты жел – Бофорт шкаласына сәйкес желдің орташа жылдамдығы (секундына 10,8-13,8м, сағатына 39-49 км).

Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
2026 жылғы « 03 » 11
№ 634 бұйрығына
№ 2 қосымша

Температуралық режим және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы ата-аналар мен оқушыларды уақытында ақпараттандыру туралы нұсқаулық

Облыстық білім беру мекемелерінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларының бекітілген көрсеткіштері (қосымша 1) негізінде қашықтықтан оқыту форматы білім беру ұйымы басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Қашықтықтан оқыту форматы туралы бұйрықта:

1) қашықтықтан оқыту форматына көшірілетін сыныптар;

2) оқу-тәрбие процессіне барлық қатысушыларды бұйрықпен таныстырып, білім беру ұйымдарының әкімшілігі санатындағы жауапты тұлғалар бекітіледі;

3) білім беру ұйымдарында педагогтер санатындағы жауапты тұлғалар (кезекшілер) білгіленеді.

Қашықтықтан оқыту форматына ауысу туралы ақпарат ресми сайттарда, әлеуметтік желілерде жариялануы қажет.

Интернаттық білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту форматы оқушыларының тұрғылықты мекенжайы бойынша ескеріледі (*интернаттық жағдайда білім алатын оқушылар үшін оқу процессі оффлайн түрінде жүргізіледі*).